

Ө.Қ. Шеденов, Н.К. Усибалиева

АЙМАҚТАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігі – бұл аймақтардың экономикалық тәуелсіздігі, ұлттық экономиканың тұрақтылығы және өзіндік даму мен прогреске қабілеттілік жағдайындағы қоғамдық қажеттіліктерді тиімді қанағаттандыру болып табылады [1]. Аймақтарға тоқталар болсақ қазіргі таңда 60 шағын қаланың 10-ы күйзеліске ұшырағандар қатарына жатқызылады. Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті бойынша 7512-ауылдық елді мекеннің (АЕМ) 1204-нің (халық саны 1,8 млн. адам) жоғары, 5625 АЕМ-нің (5,2 млн. адам)- орташа, 595 АЕМ-нің (189,9 млн. адам) төмен даму әлеуеті бар және 88 АЕМ-нің тұрғындары жоқ [2]. Бұл жерде аталған аймақтардың экономикалық жағдайын жоғарлату барысында қалыпты тұрақтандыруы қажет және де экономикалық қауіпсіздікте ескерген жөн. Өйткені ең алдымен аймақтардың экономикасын бір қалыпты ұстап тұру, ол біріншіден өнеркәсіпті дамытып халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік тұрмыс жағдайын жасау болып табылады. Халықтың әлеуметтік жағдайы экономикамен тығыз байланысты. Сол себепті ең алдымен аймақтардағы экономиканы тұрақтандыру талап етіледі.

2010 жылғы Қазақстан халқына жасаған Жолдауында Мемлекет басшысы 2020 жылға қарай Қазақстанда дамыту жолдары мыналар деді: экономиканы дағдарыстан кейінгі дамуға әзірлеу; жедел индустрияландыру және инфрақұрылымды дамыту есебінен экономиканың тұрақты өсуіне қол жеткізу; адами капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін болашаққа белсенді инвестициялау; Қазақстандықтарды сапалы әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету; ұлтаралық келісімді нығайту, ұлттық және әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздікті арттыру, халықаралық қарым-қатынасты одан әрі дамыту [3].

Сайып келгенде, елдегі әлеуметтік шиеленістің сақталуы, экономикалық қылмыс, елден капиталдың кетуі және сыбайлас жемқорлықтың мемлекетке тікелей қауіп төндіретіні рас. Сондықтан осы жағдай 1998 жылы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының 18 бабында көрсетілгендей, экономикалық қауіпсіздікті ұлттық, қоғамдық, экологиялық, ақпараттық, әскери қауіпсіздіктер сияқты қауіпсіздіктің маңызды түрі деп есептеудің қажеттігін туғызды.

Заңнамада қолданылатын «экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету», «экономикалық қауіпсіздіктің нормалары», «экономикалық қауіпсіздіктің талаптары», «экономикалық қауіпсіздіктің қауіп-қатерлері» тәрізді ұғымдар күнделікті тәжірибеде қолданыла бермейді, өйткені бұл терминдердің нақты құқықтық анықтамалары іс-жүзінде дұрыс жүргізілмеуде.

Бұдан шығатын ой, қазіргі кезде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қазақстан Республикасында әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту талабына сай келмеуде және ол жетілдіруді қажет етеді. Осыған байланысты ұлттық қуаттың басты элементі әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздікті мемлекеттік тұрғыда қамтамасыз ету мәселесін зерттеуді талап етуді қажет етеді.

Аймақтардың экономикалық қауіпсіздік дамуының аса мүмкін қауіп қатерлеріне экономиканың даму әркелкілігінің жоғарлау қауіптері кездеседі. Мыналар елдің орнықты аймақтың дамуына кедергі болатын факторларға айналуы мүмкін:

- өңірлік және әлемдік еңбек бөлінісінде елдің тар, негізінен шикізаттық мамандануының, транзиттік тәуелділігі мен экономикалық оқшаулануының нығаюы, тиісінше – елдің даму қарқынының тұмшалануы мен экономикалық артта қалуы;

- бәсекеге қабілеттіліктің төмендігінің және өнеркәсіптің әртүрлі салаларындағы өндірістің тоқтап қалуының салдарынан біраз аумақтардың индустрияланбауы;

- біріктіруші көлік-коммуникациялық желінің дамымауына, өңірлік аумақтық-шаруашылық жүйелері үшін сыртқы тартылыстың әртүрлі бағыттылығына (көптеген инфрақұрылымдық жобалар транзиттік экономиканы қамтамасыз етуге анағұрлым бағдарланған

және елдің экономикалық кеңістіктік кірігуінің біртұтастығын қамтамасыз етпейді) байланысты елдің ыдырау ықтималдығы;

- елдің шекара маңындағы өңірлерінде көршілес мемлекеттердің экономикалары үстемдігінің, ауыл тұрғындарының қалаға ағылуының күшеюі және біраз ауылдық аумақтардың депопуляциясы, демографиялық қысымның және елдің шекара маңындағы өңірлеріне көршілес мемлекеттерден санкцияланбаған көші-қонының күшеюі;

- экологиялық ахуалдың нашарлауы, табиғатқа антропогендік әсердің күшеюі салдарынан өмір сүру ортасының тозуы және соның нәтижесінде өмір сүруге және шаруашылық қызметке қолайлы аумақтардың азаюы [2].

Аймақтардың индустрияландыру және экономиканы әртараптандыру технологиялық тұрғысынан дамыту жөніндегі жоспарларды айқындайды.

Бағдарламалардың басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын нығайту.


Сондықтан «Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылы» мерейтойымыздың қарсаңындағы Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты биылғы Жолдауында әлеуметтік жаңғырту-жаңа әлеуметтік саясатқа ерекше назар аударылған. Мемлекеттік бағдарламаларды аса маңызды үш салаға көңіл бөлінген – білім беру, денсаулық сақтау және тілдерді дамыту бағдарламалары.

Үкіметке әкімдермен бірлесе отырып биылғы 1 мамырға дейін мынандай қағидатты түрде жаңа бағдарламаларды, яғни:

- жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясын;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту;
- халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бағдарламаларын жасап, қабылдауды тапсырды.

Бұл бағдарламалар елдің миллиондаған қарапайым адамдарының күнбе-күнгі мәселелерін шешуге бағытталған. Олар қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартады. Осы бағдарламаларда жаңа әлеуметтік саясаттың аймақтардағы басты аспектілеріне нақтырақ тоқталып өтпек [4]. Яғни, егерде бұл жолдауды жүзеге асыратын болсақ онда біздің мемлекетіміздің, аймақтардағы халықтарының әл-ауқаты мен тұрмыс жағдайлары жақсарады деген сөз.

Жалпы мағынада, экономикалық қауіпсіздік дегеніміз оның – тұрақты дамуын, қауіпсіздігін, қоғамдық және мемлекеттік дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайының тұрақты деңгейін қамтамасыз ететін экономикалық жүйенің күйі болып табылады. Қауіп-қатерлеріне жататын Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму әркелкілігінің жоғарлау қауіптері. Аймақтардың экономикалық бірігуі Қазақстан нарығының қызмет етуінің міндетті шарты. Бірақ та жеке аудандар, әсіресе табиғи шикізат ресурстарына бай, өз артықшылықтарын біржақты қолдануға ұмтылады. Сонымен қатар аймақтардың экономикалық қауіпсіздігіне келтіретін қауіп 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігіне келтіретін қауіп факторлары

Аталған суретке тоқталар болсақ аймақтар экономикалық қауіпсіздігіне келтіретін қауіптер олар:

а) Өнеркәсіптің өндіруші және қайта өңдеуші салаларының бірдей дамымау үрдісі. Экономиканың шикізатқа бағытталуы бір жағынан, оның шикізатқа деген әлемдік бағалардың ауытқуына күшті тәуелділігін байқатса, екінші жағынан шикізаттық емес сектордың дамуы үшін елеулі түрде кедергі келтіретін фактор болып табылады, ол Қазақстанның халықаралық еңбек бөлінісінде барабар емес рөлге ие болуына әкелуі мүмкін.

б) Қазақстан аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуында теңгерімсіздіктің сақталуы. Аймақтардың даму деңгейінде де едәуір айырмашылықтар бар, ол ұлттық табыстың жан басына шаққанда өндіріс деңгейіндегі алшақтықты туындатады. Бұл реттелмейтін ішкі еңбек миграциясының өсуіне әкеліп, әлеуметтік мәселелерді шиеленістіруі мүмкін.

в) Қаржы саласында қалыптасқан кейбір үдерістер. Кредит берудің күрт өсуі банк кредиттерінің сапасы туралы мәселені өткір қоюда. Қазіргі уақытта банк активтерінің 70% кредиттермен ұсынылуда.

Мұнайды өндіру көлемінің және оның бағасының өсуінің салдарынан қаржы ресурстарының құйылуының едәуір артуы айырбас бағамы мен инфляцияға күшті қысым жасайды. Мұнайды өндірудің жоспарлы түрде кеңейтілуін ескерсек, аталған үрдіс күшейе түсуі мүмкін. Жалпы сыртқы қарыз көлемінің өсе түсуі, ең алдымен мемлекеттің беделіне кері әсерін тигізіп, капиталдың ішкі нарықтарының өсуін тежеп, қаржы секторының тұрақтылығынан айырылуына әкеліп соқтырады.

г) Қазақстанның Дүнижүзілік сауда ұйымына кіруі үшін экономиканың жекелеген секторларының (мұнай химиясы, ауыл шаруашылығы, машина жасау және т.б.) дайындығы төмен деңгейде қалуы. Қазақстандық өнімнің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілетті деңгейінің төмендігі келіссөз процесі үшін қажетті, талдау құрамдасын жетілдіруді талап етеді. Импорттық тауарлар мен қызметтердің Қазақстан нарығына келіп түсуінің күшеюінен болатын салдарларға жасалған жан-жақты экономикалық есептеулер жоқ. Қазақстанның заңнама саласының жүйелі сипатының, халықаралық заңнама жүйесімен үйлесуіне дайындығының салдарлары мәселесі жеткілікті пысықталмаған.

д) Экономиканың «көлеңкелену» деңгейінің жоғарлығы. Бағалауға қарасақ, экономиканың 20% «көлеңкеде» қалуда. Сонымен қатар, экономикада қазіргі бар «көлеңкелеу» кәсіпкерлерге сыбайлас жемқорлықпен қысым жасаудан туындаған бизнес жүргізу рәсімдерінің сақталып отырғанынан болып отыр. Көлеңкелі экономиканың басым бөлігі саудада, шағын және орта бизнес деңгейлерінде сақталып отыр. Сондай-ақ, бизнесті ашу, ұйымдастыру, жүргізу және мемлекетке салық төлеу салаларында мемлекет тарапынан рәсімдік кедергілер болғандықтан, көлеңкелі экономика сақталып отыр.

Экономикалық дамудың негізгі проблемаларының бірі халықты әлеуметтік қорғаудың әлсіздігі болып отыр.

Жұмыссыздық пен кедейшілік, қоғамның әлеуметтік жіктелуі, өмірлік қажетті медициналық қызметтерге қол жеткізудің тарылуы, білім стандарттарының жеткіліксіздігі, азық-түлік пен ауыз судың сапасы, сәбилер өлім-жітімінің әліде азаймауы Қазақстанның сапалы өсу жолына шығу процесіндегі басты негізгі қатерлер болып табылады.

Қауіп қатерлердің маңызды бағыттары келесідей:

- аймақтар дамуының әлеуметтік қауіпі;
- экономикалық деңгейінде объективті бар айырмашылықтар, өнеркәсіп өндірісіндегі құрылымдық өзгерістер фонында экономикалық қатынастарда депрессиялық, дағдарысты, артта қалған аудандардың болуы;
- Қазақстанның жеке қалаларының кәсіпорындары арасында өндірістік- техникалық байланыстардың нашар болуы;
- ҚР жеке аймақтарының арасында жан басына шаққандағы ұлттық табысты өндіру деңгейінде алшақтықтығы;

Сол себепті қауіптің алдын алу барысында келесідей экономикалық қауіпсіздіктің ықпалдастық көрсеткіші ретінде қарастыру ұсынылады:

1) тыныштық коэффициенті, шаруашылық жүйесінің күші мен қауіп факторларының мәнділігі және оның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жекелеген бағыттарының коэффициент шамаларымен қатысы ретінде;

2) сенімділік көрсеткіші, экономика тиімділігін сипаттайтын тоғыз жеке көрсеткіштер бойынша сараптық және есептік-аналитикалық жолмен алынған бағалардың сомасы ретінде, саяси қауіп деңгейі, қарыздардың жағдайы, банктік несие беру, қысқа мерзімді қаржылаудың, ұзақ мерзімді ссудалық капиталдың қолжетімділігі, форс-мажорлы жағдайлардың туындау ықтималдылығы, несие беру мүмкіндігі, қарызды өтеу немесе оның мерзімін ұзарту бойынша міндеттемелерді орындамауға бейімділік;

3) BERI индексі, әр критерийдің меншіктік салмағы көрсетілуімен, белгіленген жауаптар нұсқаларымен, баллдық-пайыздық сызық бойынша қабылданған критерийлердің сараптамалық бағаларының сомасы ретінде;

4) Анықталған жағымсыз ықпал етулерді жою бойынша қабылданған шаралардың нәтижелілігінің жеке функционалды критерийлерін талдау барысындағы сарапшылардың пікірі негізіндегі экономикалық қауіпсіздік деңгейі [5].

Бастапқы үш көрсеткіш елдің, ал төртіншісі – кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін бағалауға бағытталған. Мұндай бағалауларды тәжірибе жүзінде қолдану туралы айтатын болсақ, екінші және үшінші көрсеткіштерді экономикалық қатынастардағы шығындар категориясы бойынша ел рейтингін бағалауда қолданатыны туралы ақпарат бар. Шығындар категориясы ішінде нақты, болуы күтілетін, болуы мүмкін, шығыны өтелетін және шығыны өтелмейтіндер болып бөлінеді. Елдің интегралды көрсеткішін бағалау үшін жекеше сипаттамалар, көбінесе, келесідей шамаларда келтіріледі:

- ішкі ұлттық өнімнің динамикасын есепке алатын және 0-ден 25 баллға дейін бағаланатын экономиканың тиімділігі;

- саяси жағдайдың ықпалымен төлемге қабілеттілігі критерийімен, 0-ден 25-ке дейін бағаланатын саяси тәуекел;

- қарыздар 0-ден 10 баллға дейін өлшенеді, мұнда Бүкіләлемдік банктің қызмет көрсету сапасы, экспорт көлемі мен сыртқы сауда айналымының балансы туралы мәліметтері есепке алынады;

- қарызды өтеу бойынша міндеттемелерді орындамау мен оның мерзімін ұзарту 9-дан 10 баллға дейін бағаланады;

- несие төлеу қабілеттілігі 0-ден 10-ға дейін баллмен бағаланады.

Басқа сипаттамалар елдің халықаралық қаржылық ресурстарға қолжетімділігін көрсетеді: банкілік несиеге қолжетімділік, қысқа мерзімді қаржылауға қолжетімділік, ұзақ мерзімді ссудалық капиталға қолжетімділік, форс-мажорлы жағдайлардың туындау ықтималдылығы 0-ден 5 баллға дейін бағаланады.

Экономикалық қауіпсіздіктің басқа көрсеткіштерінің бірі ретінде халықаралық тәжірибеде әлемдік қоғамдастықтың белгілі бір мемлекетті қабылдауымен байланыстырылатын елдің белгілі бір рейтингін қамтамасыз ететін мемлекеттің кешенді күшінің деңгейі қолданылады. Бұл рейтинг келесідей қорытындылау индекстерінен тұрады:

- халықаралық қоғамдастыққа үлес қоса алу қабілеті (қаржылық экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси-елшілік мүмкіндіктерімен халықаралық әлеуметтік және экономикалық жобаларды, жүйелерді, ұйымдарды, корпорацияларды құру мен дамытуды басшылыққа алу);

- халықтың өмір сүру қабілеттілігі (географиялық жағдайы, саны, табиғи ресурстары, экономикалық және қорғаныс күштері, ұлттық мораль, қорғаныс саласында елшілік пен ынтымақтастық яғни, мемлекеттің дағдарысты және төтенше жағдайларда аман қалу қабілеттілігі);

- күшпен қысым көрсете алу қабілеттілігі (мемлекеттің басқа елдерге өз қалауын мойындата білуі). Ұлттық экономикалық қауіпсіздікті анықтаумен байланысты тағы бір амал елдің тәуекелін бағалау болып табылады. Елдік тәуекел импортер немесе экспортер елдердің саяси-экономикалық тұрақтылығына, ішкі экономикалық және сыртқы экономикалық факторларға байланысты. Елдік тәуекелді бағалау екі белгілі әдістен тұрады, олар:

А. Ресейлік «Юниверс» фирмасының негізінде қолданылған әдісі (бағалау жылына 4 рет жүргізілу керек). Әр тәуекел тобы белгілі бір факторлар санымен сипатталады, әдетте 10 шақты. Әр фактор (көрсеткіш) әлеуметтік-саяси жағдайдың нақты бір жағын, оның ағымдағы немесе болжамды жағдайын көрсетеді, ол сандық көрсеткішпен сипатталады. Аталған әдіс аясында әлеуметтік-саяси тәуекел, сыртқы экономикалық тәуекел, ішкі экономикалық тәуекел анықталады. Барлық тәуекел топтары бойынша жалпылама баға өлшемдік коэффициент пен әр көрсеткіштің балл түріндегі мәнін шығару арқылы анықталады: $R=(Axr)$. Экономикалық қауіпсіздіктің ең жоғары жағымды деңгейі төмен мәндегі индексмен сипатталады

В. Немістің BERI фирмасының әдісі, жылына 4 рет жасалады. Бағалау 15 критерийден тұрады (төлем балансының жайы, ЖІӨ өсу қарқыны, валютаның конверттелуі, келісімшарт міндеттемелерінің орындалуы, валюта девальвациясы, ұлттану, инвестициялар мен кіріс, байланыс пен көлікті ұйымдастыру және т.б.). Әр критерийдің жалпы сомамен бірге 100% меншіктік салмағы бар. Жиналған баллдың саны неғұрлым көп болса, соғұрлым елдік тәуекел төмен және мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі жоғары болады.

Елдің экономикалық қауіпсіздігін талдауда экономиканың жағдайы анықтаушы болады. Мұндай жайтта негізгі критерий халықтың өмір сүру деңгейін сипаттаушы ретінде ЖІӨ-нің орташа көрсеткіші болады. Ұлттың өмірлік стандарттарының үнемі өсу мүмкіндігі елдің экономикалық дамуы тиімділігінің индикаторы болып табылады.

Бұдан басқа, компенсация мен шығынның алдын алу потенциалын сипаттайтын көрсеткіштер қолданылады. Кез келген критикалық ситуация шығынын орнына келтіру үшін қажетті сараптамалық болжамдар әлеуметтік-экономикалық дамуды қалпына келтіру мен тұрақтылыққа қайтып келуге бағытталған қоғамның ресурстарын бағалауға және өз уақытында қалыптастыруға, сонымен қатар, тұрақсыздық салдарының алдын алуға мүмкіндік береді [5].

Қазіргі уақытта экономикалық қауіпсіздікті өлшеу анағұрлым жалпы түрде келесідей әдістер негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді бақылау және оларды орташа әлемдік мәндер ретінде қабылданатын шектік мәндермен салыстыру; елдің экономикалық өсу түрлерін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша және олардың өзгеру динамикасы бойынша бағалау; сараптамалық бағалау әдістері зерттелетін процестердің сандық және сапалық сипаттамаларын суреттеу үшін қызмет етеді; сценарийлерді талдау мен өңдеу әдістері; оптимизациялау мен теориялық-ойнау әдістері; көпөлшемді статистикалық талдау әдістері.

Әлеуметтік саладағы сыйымды (интегралды) көрсеткіштері ретінде өмір сүру ұзақтығының орташа көрсеткішінің, демографиялық процестердің, білім деңгейінің, баспанамен қамтамасыз етілу дәрежесі және т.б. көрсеткіштердің өзгеруі болып табылады. Бұл көрсеткіштер тұрақты дамудың құқықтық қамтамасыз ету нормативті базасында қолдануға қонымды.

Әлеуметтік сфераның индикативті көрсеткіштері тек экономикалық қауіпсіздікте ғана емес, сонымен бірге, ұлттық қауіпсіздікте негізгі орын алады. Әлеуметтік тұрақтылық пен мемлекеттің өмір сүруіне, оның экономикалық қауіпсіздігіне үлкен қауіп туғызатындар: кіріс пен халық тұтынымының шұғыл саралануы, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, барлық елдерде оның шектік мәні 10%; азық-түліктің құнды түрлерін тұтынудың орташа нормасы қысқаруынан тамақтану құрылымының нашарлауы. Халықтың тамақтану сапасы деңгейінің синтетикалық индикаторы ретінде адам басына жануар мен өсімдік ақуызы мен витамині бар және экологиялық таза азық-түлікті тұтыну алынады. Бұл жерде қалыпты ақуызды тұтыну шегі тәулігіне 40 г-ды құрайды, оның шамамен 20 г жануар ақуызы болуы керек; халықтың сатып алу қабілеті көрінетін инфляцияның жоғары деңгейі. Халықаралық бағалау бойынша жылына инфляция деңгейінің 5-6 % орын алуы жеткілікті, ал оның шекті көрсеткіші - 20%; кедейлік аймағының кеңеюі [5]. Осыдан мемлекеттің аумақтық сараланған саясат керектігі шығады, яғни аймақтарға бірдей нарықтық жағдай жасау қажеттілігі. Тұтас алғанда, жоғарыда аталған проблемалар мен қатерлердің күшеюі макроэкономикалық тепе-теңдіктің бұзылуына, шикізаттық емес сектордың бәсекеге қабілетінің кемуіне, отандық тауарлар нарығынан шығып қалуға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Осы орайда жоғарыда көрсетілген экономикалық қауіпсіздіктің басты қауіп-қатерлердің тереңдеуіне және дамуына жол бермеу мақсатында тиісті басымдықтар мен стратегиялық міндеттерді айқындау керек. Аймақтардағы экономикалық қауіпсіздік саласындағы мақсат ұлттық экономиканы ғаламдану жағдайында жұмыс істеуге бейімдеу, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген басты қауіп-қатерлердің дамуына жол бермеу мақсатында және аймақтардың экономикалық қауіпсіздігін сақтау барысында келесідей тұжырымдарды көрсетуге болады: аймақтарда экономиканы әртараптандыру (диверсификациялау); салалық және өңірлік алшақтықты азайту; мемлекетіміздің әлемдік экономикалық рынокқа шығуының тиімді тетігін жасау; жұмыссыздықты азайту, яғни халықты жұмыспен қамту; қаржы тұрақтылығын нығайту; аймақтар экономикасының бәсекеге қабілеттілік әлеуетін дамыту; аймақтарда өнеркәсіптерді дамыту және мамандандару жұмыстарын жүргізу; аймақтардағы шағын және орта бизнесті дамыту. Яғни, осы аталған ойды орындайтын болсақ, онда бүгінгі таңның да, келешек ұрпақтарының да аспаны ашық болары сөзсіз.

1. Олейников Е. А. Экономическая и национальная безопасность. – М: 2005.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аймақтарды дамыту стратегиясы. – Астана: 2006.

3. 2010 жылғы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауы. www.akorda.kz 2010 жыл 5 ақпан.

4. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз», «Егемен Қазақстан» газеті №30 (26432), 29 қаңтар 2011 жыл.

5. Спанов М.У. Экономическая безопасность: опыт системного анализа. – Алматы: Казакстан даму институты, 1999 г.

В статье рассматриваются условия обеспечения экономической безопасности регионов.

In article conditions of maintenance of economic safety of regions are considered.

К.И. Нестеренко

ПОВЫШЕНИЕ РОЛИ ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В РАЗВИТИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ

Одной из важнейших задач современного этапа развития экономики Казахстана является совершенствование функционирования государственного предпринимательства.

В Республике Казахстан преобладающие на первых этапах процессы разгосударствления и приватизации, наряду с положительными результатами развития частного сектора экономики, быстрого насыщения потребительского рынка товарами иностранного производства, имели также и негативные последствия, выраженные в усилении структурных диспропорций, росте дифференциации населения и напряженности в социальной сфере. Наряду с этим, частные интересы предпринимателей, оказываются в стороне от развития крупной индустрии и концентрируются на краткосрочных проектах.

В тоже время, один из основных факторов стабилизации национальной экономики государственный производственный сектор в составе государственных унитарных предприятий и акционерных обществ с различной долей государственного участия продолжает сокращаться. При этом значительное количество стратегически важных и общественно значимых государственных предприятий оказываются в частном владении.